

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 қыркүйектегі N 949 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Мұнай туралы" 1995 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 11, 76-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 150-құжат; 1999 ж., N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 6, 34-құжат; N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат; 2006 жылғы 19 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 21 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы);

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"13) теңіз ғылыми зерттеулері - теңізде мұнай операцияларын жүргізуге және олардың салдарларын зерделеуге байланысты ғылыми-зерттеу жұмыстары";

2) 35 - бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасының мердігерден әлемдік нарық бағасынан аспайтын баға бойынша мұнай сатып алуға бірінші кезекте құқығы бар. Сатып алынатын мұнайдың шекті көлемі, баға белгілеу тәртібі мен төлем түрі мердігермен жасалатын жеке келісімде көрсетіледі.";

2 - тармақ алынып тасталсын.

2. "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 1996 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 182-құжат; 1999 ж., N 11, 357-құжат; N 21, 787-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; 2004 ж., N 22, 131-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 16, 70-құжат; 2006 ж. N 3, 22-құжат; 2006 жылғы 19 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 2006 жылғы 21 шілдеде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономиканың мемлекеттік секторын басқаруды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 1-баптың 15) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) қазақстандық мазмұн - жыл сайынғы көлемнің проценттік мазмұны:";

2) 7-баптың 6), 12) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жер қойнауын пайдалану құқығын беру тәртібін белгілейді;

12) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін пайдаланылуы мүмкін, Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің тізілімін жүргізу тәртібін бекітеді;"

3) 8-1-баптың 4) тармақшасында "жер қойнауын пайдалану" деген сөздерден кейін " осы Заңның 13-бабының 1-5-тармағында көзделген жағдайларда тәулігіне 2000 және одан да көп текше метр көлемінде жерасты өндірістік-техникалық суларды барлауға және өндіруге," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-3-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті о р г а н :

1) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін пайдаланылуы мүмкін, Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізілімін қалыптастырады және жүргізеді;

2) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін пайдаланылуы мүмкін, облыс аумағында өндірілетін тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жөніндегі деректердің тізілімін қалыптастыру бойынша облыстық атқарушы органдардың қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде немесе

келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін пайдаланылатын тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге қатысты қазақстандық мазмұнды есептеу әдістемесін құзыретті органмен келісу бойынша әзірлейді және бекітеді;

4) жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысты қазақстандық мазмұн бөлігіндегі келісім-шарт міндеттемелерін орындаудың мониторингін жүзеге асыруға қатысады;

5) Қазақстан Республикасында дамытылатын басым жоғары технологиялық өндірістердің тізбесін құзыретті органмен келісім бойынша бекітеді;

6) жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алынған тауарлары, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтері туралы есептің және алдағы жылға арналған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасының нысандарын бекітеді;

7) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер қойнауын пайдаланушылардан және (немесе) жер қойнауын пайдаланушылар тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға өкілеттік берген тұлғалардан жүргізілетін және жүргізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алулар туралы ақпаратты сұратуға құқылы.";

5) 9-баптың 3-3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3-3) жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде немесе келісім-шартпен байланысты ілеспе қызмет үшін пайдаланылуы мүмкін, Қазақстан Республикасында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізіліміне енгізілуге жататын, облыс аумағында өндірілетін тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер жөніндегі деректердің тізілімін қалыптастыруды жүзеге асырады;" ;

6) 13 - бапта :

1-тармақ "құқығын беру" деген сөздерден кейін "осы баптың 1-5-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен толықтырылсын;

1 - 4 - т а р м а қ т а :

"2000 текше метрден аз" деген сөздер "50-ден 2000 текше метрге дейін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"арнаулы уәкілетті орган" деген сөздер "су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"барлау және (немесе)" деген сөздер алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы 1-5) тармақпен толықтырылсын:

"1-5. Мердігерге пайдалы қазбаны өндірудің технологиялық сызбасына сәйкес қойнауқатқа тарту үшін тәулігіне 2000 және одан да көп текше метр көлемдегі өндірістік-техникалық жерасты суларын барлау және өндіру құқығын беру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсат беруі жолымен жүзеге асырылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Өз қажеті үшін кең таралған пайдалы қазбаларды және тәулігіне 50 текше метрден аспайтын көлемде жерасты суларын өндіруге жер қойнауын пайдалану құқығын беру астында кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бар жер учаскесін жеке меншікке немесе жер пайдалануға берумен бір мезгілде жүргізіледі. Жер учаскесін уақытша пайдалануға берген кезде өз қажеті үшін кең таралған пайдалы қазбаларды және тәулігіне 50 текше метрден аспайтын көлемдегі жерасты суларын пайдалану шарттары уақытша жер пайдалану туралы шартта көрсетілуі мүмкін.";

7) 41-1-баптың 3-тармағының үшінші абзацында "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес болған жағдайда" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 41 - 2 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Жер қойнауын пайдалану құқығын беруге конкурс өткізу туралы хабарлама Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында жарияланады.";

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

"6. Конкурса қатысу жарнасы және геологиялық ақпарат пакетінің құны қайтаруға ж а т п а й д ы . " ;

9) 41-3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) өтініш беруші заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары (акционерлері) туралы мәліметтер, олардың жарғылық капиталдағы үлестерінің (дауыс беретін акциялары жалпы санының) мөлшерін көрсетумен";

10) 41 - 5 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

4-3) тармақшада "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша алынып тасталсын;

11) 41-6-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"4) егер өтініш берушіге жер қойнауын пайдалану құқығын беру елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталмауына әкеп соқтырса, оның ішінде келісім-шарт шеңберіндегі құқықтар шоғырланған және (немесе) жер қойнауын пайдалану саласындағы операцияларды жүргізуге арналған құқықтар шоғырланған ж а ғ д а й д а . " ;

12) 41 - 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"3) жазылым бонусының мөлшері;

4) инвестициялардың мөлшері, жобаны қаржыландырудың мерзімдері мен ш а р т т а р ы ; " ;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) өңірдің әлеуметтік дамуына қатысуы;"

7) тармақшада "мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келетін" деген сөздер алынып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Бір ғана конкурстық өтінім не бір конкурстық ұсыныс түскен жағдайда осы объект бойынша конкурс өткізілмеген болып танылады. Конкурс өткізілмеген болып танылған кезде құзыретті орган қайталама конкурсты белгілеуі мүмкін. Қайталама конкурсқа конкурстық ұсыныс берген бір ғана қатысушы қатысқан жағдайда, мұндай қатысушы конкурс жеңімпазы болып танылуы мүмкін.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Қандай да бір объект бойынша конкурстық ұсыныстар мазмұнының салыстырмалы теңдігі кезінде конкурстық комиссия конкурстық ұсыныстары неғұрлым жақсы болып танылған конкурсқа қатысушылар енгізілетін "қысқа" тізім жасайды. Жеңімпазды анықтау мақсатында конкурстық комиссия "қысқа" тізімге енгізілген конкурсқа қатысушылар өздерінің конкурстық ұсыныстарын жақсартуға құқылы мерзімді белгілейді. Конкурсстық ұсыныстарды жақсарту үшін белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін конкурстық комиссия "қысқа" тізімге енгізілген конкурсқа қатысушылардың арасынан жеңімпазды анықтайды.";

9 - т а р м а қ т а :

"келісім-шартты" деген сөз "келісім-шарт жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"он екі" деген сөздер "жеті" деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 42 - б а п т а :

2-3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жұмыс бағдарламасын жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органмен келісу келісім-шартты сараптамадан өткізумен бір мезгілде жүзеге асырылады." ;

2-4-тармақ алынып тасталсын;

14) 44-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Үшінші тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы жер учаскелерін беру Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес оларды алғаннан кейін жүзеге асырылады." ;

15) 63-баптың 1-тармағында :

7) тармақшада ", олар мемлекеттік және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес келген жағдайда," деген сөздер алынып тасталсын;

13-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13-1) жыл сайын, жылдық жұмыс бағдарламасы келісілген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу

саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша алдағы жылға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық бағдарламасын сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органға тапсыруға ; " ;

мынадай мазмұндағы 13-2) тармақшамен толықтырылсын:

"13-2) тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша сауда және индустриялық саясатты мемлекеттік реттеу саласындағы уәкілетті органға есеп беруге ; " ;

16) 63-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"63-1-бап. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу

1. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады :

- 1) ашық немесе жабық конкурс;
- 2) бір көзден ;
- 3) баға ұсыныстарын сұрату.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу тәртібі, сондай-ақ баға ұсыныстарын сұрату жолымен сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең көп мөлшерлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізгі тәсілі конкурс болып табылады. Ашық және жабық конкурстар екі сатылы рәсімдерді пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін .

3. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алуға мынадай жағдайларда :

1) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тек табиғи монополия субъектісі болып табылатын әлеуетті жеткізушіде болса ғана, немесе қандай да бір нақты әлеуетті жеткізуші осы тауарларға жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты ерекше құқықтарға ие болса;

2) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тек белгілі бір тауар нарығында басым (монополиялық) жағдайға ие, оның осы нарықтағы үлесі жүз процентке тең нарық субъектісінде болса ғана, немесе балама жоқ болса;

3) сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тек мемлекеттік монополияның субъектісі болып табылатын әлеуетті жеткізушіде болса ғана;

4) дүлей апаттар (жер сілкіністері, селдер, көшкіндер, тасқын сулар және басқалар),

табиғи өрт, эпидемиялар мен эпизоотиялар, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурудан және зиянкестерден бүлінуі тудырған төтенше жағдайларды, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және басқа авариялар тудырған төтенше жағдайларды жариялау салдарынан осы тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге шұғыл қажеттілік туса;

5) қандай да бір жеткізушіден тауарларды, жабдықты, технологияны, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алған жер қойнауын пайдаланушыда өзінде бар тауарларды, жабдықты, технологияны, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді бірегейлендіру, стандарттау немесе үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді тағы да сол жеткізушіден сатып алу қажеттігі туса;

6) конкурс өткен жоқ деп танылса;

7) конкурстың қорытындыларын шығаруға дейінгі кезеңде күн сайын және (немесе) апта сайын тұтынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттігі болса ғана рұқсат беріледі.

4. Жер қойнауын пайдаланушылар, сондай-ақ жер қойнауын пайдаланушылар жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға уәкілеттік берген тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында конкурстар өткізуге міндетті.";

17) 63-2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мердігер жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде осы Заңның талаптарына сәйкес тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қазақстандық өндірушілерден сатып алуға міндетті.";

18) 70-2-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Құзыретті орган, қажет болған жағдайда, тексерулерді жүргізу кезінде консультациялар алу, арнайы білім мен дағдыларды талап ететін мәселелерді зерттеу үшін консультанттарды (тәуелсіз сарапшыларды) тартуға құқылы."

2-бап. Өтпелі және қорытынды ережелер

1. Осы Заң алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Тәулігіне 2000 және одан да көп текше метрден астам алу лимитімен шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық мақсаттағы жерасты суларын өндіруді жүзеге асыратын су пайдаланушылар су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган бұрын берген рұқсаттардың негізінде осы Заң қолданысқа енгізілген күнінен бастап үш жыл ішінде тікелей келіссөздер негізінде шаруашылық-ауыз су және өндірістік-техникалық жерасты суларын өндіруге Құжатты органмен келісім-шарт жасаса алады.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК